

Мазасыздану феноменінің теориялық қалануы

Орындаған: Әбітхан Назгүл

Мазмұны

- Кіріспе
- I.Мазасыздану феноменінің теориялық қалануы
- 1.1. Мазасыздану мәселелерінің отандық психологияда зерттелінуі
- 1.2. Жасөспірім шақтағы мазасыздану мәселелерін қарастыру
- II.Мазасыздану туралы жалпы ғылыми ой-пікірлер
- 2.1.Психолог ғалымдардың тұжырымдамалары
- 2.2. Мазасызданудың эмоционалды қалпына жалпы шолу
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- *Жұмыстың көкейкестігі:* Қазіргі кезде эмоциялық тұрақсыздықпен, сенбеушілікпен, жоғары алаңдаушылықпен ерекшеленетін мазасыз балалар саны едәуір көп ұлғайған. Мазасызданудың пайда болуы және орнығуы баланың жас кезеңіндегі қажеттіліктерінің қанағаттанбауымен байланысты. Мазасызданудың тұрақты бейнесі, көбіне жеткіншек жас кезеңінде көрініс табады. Ал, оған дейін, бұзылыстардың кең шеңберін өндіруші болып табылады.

- *Жұмыстың мақсаты* – жалпы мазасыздану феноменінің себептері мен деңгейі туралы анықтама беру
- *Жұмыстың нысаны* - ғалымдардың мазасыздану туралы теорияларына жалпы көрініс.
- *Жұмытың пәні* – мазасыздану феноменінің теориялық көрінісі

- *Жалпы болжам:* Мазасыздану жеке адамның белгілі бір нақты жас кезеңінде оның жетекші әрекетімен өзара байланысты және жас ерекшелік, топтағы социометриялық статус сияқты факторлармен өзара шарттасады. Жалпы болжам төмендегі жеке болжамдармен нақтыланады:
- 1. Мазасыздану деңгейі бағдарлану әрекетіне жоғары деңгейлі дайындықты қажет ететін жеке тұлғалық қарым-қатынас құрылымындағы тұрақсыз ситуациялардың байқалу индикаторы болып табылады.
- 2. Мазасыздану деңгейі мен субъектінің топтағы социометриялық тұрқы арасында белгілі-бір тәуелділік болуы тиіс.
- 3. Мазасыздану деңгейі мен түрлі жас кезендеріндегі субъекті тұрқы арасындағы байланыстың түрлі сипатын болжауға болады.
- *Жұмыстың негізгі міндеттері :*
- Мазасыздану теориясының мәнін ашу;
- Ғалымдардың мазасызданудың туу себептері туралы ой-пікірлерін талдау;

Мазасыздану феноменінің теориялық қалануы. Мазасыздану мәселелерінің отандық психологияда зерттелінуі

- Психологиялық әдебиеттерде, мазасыздану түсінігінің түрлі анықтамаларын кездестіруге болады, бірақ зерттеушілердің көпшілігі оны ситуативтік құбылыс және өтпелі күй мен оның динамикасын білдіретін жекелік мінез ретінде қарастыруды жөн көреді.

Ғалымдар анқтамасы

- А.М.Прихожан
- Р.С. Немов
- А.В.Петровский

- 
- Мазасыздану - жеке тұлғаның кескіні сияқты, күнделікті үрей эмоциясымен, эмоционалды қозу сезімінің жоғарылауымен қаланатын, адам миының генетикалық детерминистік қасиетімен байланысты

- 
- Отандық психологтар, баладағы адекватты емес өзін жоғары бағалау, дұрыс емес тәрбие нәтижесінде, ересектердің бала жетістіктерін жоғары бағалаудан, яғни мақтау, оның жетістіктерін асыра сілтеуден деп есептейді.

Жасөспірім шақтағы мазасыздану проблемасын қарастыру

- Мектеп ең бірінші болып бала алдында әлеуметтік – қоғамдық өмірдің әлемін ашады. Жанұясымен қатар өзіне бала тәрбиесіндегі басты ролдерді алады. Осылайша мектеп баланың жеке тұлға болуына белгілі бір фактор болады. Оның көптеген негізгі қасиеті және жекелік сапасы өмірінің осы кезеңінде қалыптасып, олар қалай салынғанынан байланысты оның алдағы дамуы көбіне тәуелдік әлеуметтік қатынастардың ауысуы бала үшін маңызды қиындық екені белгілі.
- Мазасыз күй, эмоциялық кернеу, басты түрде балаға жақын адамдардың болмауымен, өмір қозғалысы мен үйреншікті шарттардың, қоршаған орта жағдайының өзгерісімен байланысты

Баладағы мазасыздану себептері

Үрей

Уайым

“Мектептік фобия”

Мазасыздану туралы жалпы ғылыми ой-пікірлер

Психолог ғалымдардың тұжырымдамалары

- Эмоция мен эмоционалды қалыптың негізгі теориялық аспектілерін қарастырғаннан кейін, біздер енді мазасыздану немесе мазасыздық сияқты эмоционалды қалыпқа байланысты қазіргі таңдағы психологиялық тұжырымдамалардың басты қағидаларын қарастыруға тырысамыз. Біздер талдауымызды мазасыздануды белгілі бір мінез-құлықтық реакция деп түсінген бихевиористік көзқарастан бастаймыз. Бұл бағыттың психологтары Д. Уатсон, Т. Тарндейк, К. Лешли және т.б мазасыздануды белгілі бір стимул арқылы туындаған жағымсыз процесс деп қарастырды. Олар балаларда мазасыздану мен қорқыныштық қалыптасу мүмкіндігін көрсетті .

- Бихевиористік бағытқа реакция ретінде XX-шы ғасырдың 50-ші жылдардың аяғы, 60-шы жылдардың басында когнитивті психология мектебі пайда болды. Оның көрнекті өкілдері - С.Шехтер, Дж Келли, Л. Фестингерлер эмоционалды қдлып пен мазасыздануды төмендегідей қарастырды. Яғни, "эмоционалды калыптар субъект бір аспект жөнінде екі түрлі психологиялық білімде болғанда пайда болады. Ал мазасыздану – теріс эмоция, дискомфорт күйі және оны жағдайды дұрыс шешу жағына өзгерту жолы арқылы, әрі жаңа мәліметті алу жолы арқылы өзгертуге болады" .

- Физиологиялық көзқарасты ұстанған психологтар Д.Гамбург пен Дж Адамстор мазасыздану қалпын соматикалық аурулар табиғатымен салыстырды. Олар мазасыздық деңгейін адам ағзасының вегетативті функциясын тіркеу әдісі арқылы өлшеуді ұсынды. К.Кеннан мазасыздану кезінде адам қанында адреналин деңгейі жоғарылайтындығын анықтады. Франкенштейн мен Кинг, канға мехолил күйғанда яғни мазасыздану барысында қан қысымы тез арада және біршама уақытка төмендейтіндігін дәлелдеді.

- Мазасыздануды талдау З.Фрейдтің тұжырымдамасын назардан тыс еш қалдырмайды. Осы проблеманы теориялық тұрғыда зерттеуді бастаған осы З.Фрейд болды. Ғалым бөлген мазасыздануды тудыратын жағдайлар мыналар:
- а) қалаған объектіні жоғалту мыс, ата-анасынан немесе жақын досынан айрылған бала т.б
- б) махаббат сезімінің жоғалуы.

- Жалпы алғанда, Салливан "мазасыздану өмірде бірінші болып оқып-білім беруші әсер береді", - деп есептейді.
- Э.Фромм, К.Хорни және Г.С.Салдиван тұжырымдамалары бойынша айтатын болсақ, олардағы жалпы болатын ұғым: мазасыздану әлеуметтік кұбылыс деп есептеледі.
- Адамдар табиғатынан мазасыз бола қоймайды, оларды өмір жағдай - шарттары мазасыз етеді. Фрейд пікіріне қарама-қарсы адамдар табиғатынан деструктивті емес. Олар деструктивті бола алады, ол үшін өзін-өзі жүзеге асыру жолына түсулері тиіс.

- 
- Кейбір тұжырымдама авторлары мазасыздануды мінез акцентуациясы деп санайды да, мазасыз жеке тұлғалар деп типтерге бөледі. Мысалы, ол автордың бірі К.Леонгард ол былай дейді: "Бала өскен сайын мазасыздануы азаяды".

Мазасызданудың эмоционалды қалпына жалпы шолу

- Эмоционалды қалып проблемасы адамды әуел бастан-ақ қызықтырды. Өйткені, нақ осы біздің эмоцияларымыз сол немесе өзге істерді орындауға және шешім қабылдауға итермелейді. Психология ғылымының жас ғылым екендігіне қарамастан, психологиялық білімдер төркіні антикалық философтар мен медиктер еңбектерінен бастау алады.
- Ежелгі грек философы Платон, философия мен психологиядағы идеалистік бағыт өкілінің пікірінше, эмоциялар жоғары, "интеллектуалды" және төменгі қанағаттануларға бөлінеді.

Аффективті қалыппен күресудің бірқатар жолдары ұсынылды:

- 1) аффекті сырттай байқалуға ауыспауы тиіс:
сырттай байқалу
аффектіні нығайтады. (Мұнда ішкі, эмоционалды
реакциялар
сыртқы мінез-құлықпен байланыста болады.
- 2) өзге әрекетке ауысу яғни, қорқыныш кезінде
ерлік пен
шыдамдылық үлгісін, ал мазасыздану кезінде
тыныш күйді
еске түсіру.

- 
- В.А.Петровский жеке адамның "эмоционалды дамуының" екі аспектісін бөліп көрсетеді:
 - 1. эмоционалды күрделілікке адамның тартылуы;
 - 2. өзге адамдармен эмоционалды бірлікті орнатуы.

- эмоционалды процесстер — индивид үшін әрекетке әкеліп жеткізетін психикалық басқару класының ерекше класы.
- эмоционалды процесстер индивид үшін маңызды факторлар арқылы туындайды. Бұл ең алдымен, физикалық тітіркендіргіштер.
- эмоционалды процесстер басқару процестеріне әсер етеді, ағзаның ішкі қалпына және сыртқы мінез-кұлыққа да әсері болады.



Қорытынды



- Қортындылай келе, жалпы, қойылған мақсаттардың барлығы орындалғанын атап өтейік. Құрылымдық эксперимент кезеңінде бастауыш сынып жасындағы мазасыз балалар анықталды, құрбылас топтағы мәртебелік орнына қанағаттанбаушылық және мазасыздану арасындағы байланыс табылды. Анықталған байланыс бастауыш сынып жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларды қолдана алуды қалыптастыру негізінде жасалған коррекциялық-дамытушылық бағдарламаны құруға мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Овчарова Р.В. Практическая психология образования. 2003 ж
- Жуманкулова Е. Жеткіншектердің мазасыздану мәселесі 2005 ж
- Абрамова Г.С. “Введение в практическую психологию” – 2007 ж
- Андреева Г.М. “Социальная психология”
- Бабич Н.И. “Особенности первого впечатления о другом человеке у младших школьников” 2000
- Бакеев В.А. “Эксперименталды психология 2007
- Бернс Эрик “Игры, в которые играют люди. Психологии человеческих взаимоотношений; Люди, которые играют в игры. Психология человеческой судьбы”.
- Битякова М.Р. “Организация психологической работы в школе”
- Блюм Г. “Психоаналитические теории личности” 1999 ж
- Бодалев А.А. О коммуникативном ядре личности //
- Бороздина Л.В., Залученова Е.А. Увеличение индекса тревожности при расхождении уровней самооценки и притязаний
- Бреслав Г.М. Эмоциональная особенность формирования личности в детстве: Норма и отношение.
- Введение в практическую социальную психологию. Учебное пособие для высших учеб. заведений /
- Гофруа Ж. Что такое психология? 2001 ж
- Фрейд З. Психологическое «Я» и защитные механизмы. – М, 1991 ж
- Фрейд З. «Я» и «Оно», 1991 ж
- Фрейд З. Психоанализ. - М, 1994 ж
- Фрейд З. Психология бессознательного. -М, 2000 ж
- Хорни К Наши внутренние конфликты. –М 2001 ж